

АРЫНБАЕВА ДІЛДӘГҮЛ ЖАНАЙДАРҚЫЗЫ

Магистр-оқытушы



Арынбаева Ділдәгүл Жанайдарқызы 1983 жылы Оңтүстік

Қазақстан облысы, Мақтараарал ауданы, Асықата кентінде дүниеге келді. 1989-2000 жылдары «Асықата» атындағы орта мектепте оқып, үздік бітіріп шықты.

2000-2004 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімі филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бөлімінде оқып, оны қызыл дипломмен аяқтады. Еңбек жолын 2005 жылы «Оңтүстік Қазақстан экономикалық колледжінде» кітапханашы болып бастады.

2005-2019 жылдар аралығында Республикалық балалар басылымында тілші, атқарушы редактор, жауапты хатшы қызметтерін атқарды.

2020 жылы Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Филология факультеті Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогикалық бағытына магистратураға түсіп, 2022 жылы педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесін алды.

2022 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне оқытушы болып қызмет атқаруда. Бірнеше мақалалардың авторы, қазіргі таңда «Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы типологиясы», «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілі» пәндерінен дәріс береді.

2023 жылдың 4-13 қаңтарында өткен педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жанат Тұрарбекқызы Дәулетбекованың «Заманауи білім беру парадигмалары және филологиялық пәндерді оқытудың инновациялық технологиялары» атты авторлық курсына(72 сағат) қатысып, кәсіби біліктілігін арттырды.